

Хабарлама

Педагог –психолог: Мимықова Гүлім Нұрғалиқызы

Білімі: Жоғары

Санаты: Педагог-модератор

Жалпы педагогикалық өтілі: 13 жыл

Осы қызметтегі еңбек өтілі: 7 жыл

2023-2024 оқу жылы бойынша жетістіктер:



Білім жетілдіру курстары:



Оқушы жетістіктері:



Т. Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы білім алушылардың әлеуметтік паспорты

Барлық оқушы саны: 104

Ұлдар: 61

Қыздар: 43

Инклюзивті білім алатын оқушы саны: 1

Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы педагог- психологтың жыл бойы атқарылған жұмыстардың есебі

Т. Жаманмұрынов атындағы орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында психологиялық қызмет- орта білім беру ұйымында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету мақсатында негізгі бес бағытта жұмыстар жүргізілді. («2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ.)2.2. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктерін негізге ала отырып жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді.


Жұмыстардың барысы:

Оқушылармен жұмыс: Оқу жылының басында 1-11 кластарға оқушыларының тізімі алынып, әр балаға жеке психологиялық даму картасы класс жетекшілерімен, әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып толтырылды.

1-класс оқушылары «**Кел, танысайық**» тренингімен басталып, психодиагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Әдістеме: «**Керн Ирасик**» Зерттеудің мақсаты: оқушылардың мектепке бейімделуін анықтау болып табылады. Психодиагностикалық әдістемелер баланың жас шамасына қарап, таңдалып алынды. Зерттеуге 1-ші сыныптан 7 оқушы қатысты. Зерттеу қортындысы бойынша оқушылардың мектепке бейімделу деңгейі орташа деңгейде. Оның себебі: оқушылардың барлығы дерлік мектепалды даярлық тобында тәрбиеленген.

Сынып	Оқушылардың аты-жөні	Деңгей көрсеткіші	Пайыз көрсеткіші
1-сынып	Есетқызы Көзайым Азизбек Айасыл Жалғасқызы Шахназ Таңжарық Әділхан Мерейұлы Мәди	жоғары	71,4 %
	Зарлық Санжар Тұрар Қайнар	орташа	28,5 %
		Орташадан төмен	-
		Төмен	-


Бұл зерттеулердің салыстырмалы мониторингі жасалады. Диаграмма көрсеткіші мынадай:



Ұсыныс: Оқушылардың бейімделу кезеңіне әліде жұмыстар жүргізу керек. Осы бағытта жұмыс жоспары құрылды, «Дос болайық» танысу тренингі, «Біз біргеміз!» түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



Қыркүйек айында 6-11 класс оқушыларының агрессия деңгейін анықтау мақсатында онлайн **Басса-Дарки сауалнамасы** алынды. Барлық кластарда диагностика нәтижесі бойынша агрессиялық деңгей, қастандық деңгейі анықталған жоқ. Агрессия 0-17 балл аралығында, қастандық 0-9 балл аралығы қалыпты. Зерттеу нәтижесі сынып жетекшілеріне таныстырылды.



Қазан айында 5-класстың орта буынға бейімделуін зерттеу мақсатында **Н.Г. Лусканов сауалнамасы** алынды. Зерттеу мақсаты: Оқу мотивациясы деңгейін бағалау.

Қорытындысы:

5

Деңгейі	Деңгейлік мазмұны	Саны
1 деңгей 25-30 балл	Мектептегі оқу мотивациясының жоғары деңгейі	1 оқушы(Асылгүл)
2 деңгей 20-24 балл	Оқу мотивациясының жақсы қалыпты деңгейі	4 оқушы (Мейіржан Нұрәділ, Айерке, Інжу)
3 деңгей 15-19 балл	Мектепке деген көз қарасы қалыпты бірақ, баланы оқу процесі емес оқудан тыс жағдайлар қызықтырады	2 оқушы (Кәмшат, Мағжан)
4 деңгей 10-14балл	Мектептегі оқу мотивациясының төмен деңгейі	-
5 деңгей 10 нан төмен балл	Мектепке деген жағымсыз қарым-қатынас, мектепке ортаға бейімі	-

класс оқушыларының бейімделу қорытындысы сынып жетекшісіне таныстырылды.



8-11класс білім алушыларының үрей, күйзеліс, қорқыныштарын анықтау мақсатында **DASS сауалнамасы** алынды. Диагностика нәтижесі бойынша 11 кластан 1 оқушыдан үрейдің жеңіл. 1 оқушыдан күйзелістің жеңіл түрі, 8 класта 1 оқушыдан үрейдің орташа түрі анықталды. Нәтиже сынып жетекшіге таныстырылды.

6-7 класс оқушыларының оқушыларынан депрессияны анықтау мақсатынды **Зунге шкаласы** алынды. Барлық балалар 50 балдан төмен нәтиже көрсетті, депрессия анықталған жоқ, қалыпты.

Қазан айында 5 класс оқушыларынан «Сіз кімсіз?» ағаш тесті алынды. Оқушыларға тесттің орындалу барысы түсіндірілді. Нөмірленген ағашқа өрмелеген адамдардың біреуін тандап, мінездеме айтылды.

Қараша айында 5 класс оқушыларынан пәндерге деген көз қарастарын анықтау мақсатында «Түймедақ» әдісі алынды. Қорытындысы шығарылып, сынап жетекшісіне таныстырылды.

Қаңтар айында оқушылардың мінез –құлқына сәйкес болашақ мамандығын анықтау мақсатында 9-11 класс оқушыларынан Дж. Голланд әдістемесі алынды.

9- класс

№	Аты - жөні	Тип	Сәйкес келетін мамандық түрі
1.	Қуанышбай Ермек	Реалистік тип	Физика, химия, экономика, кибернетика, спорт.
2.	Жәнібек Аружан	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
3.	Асылбек Асылжан	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
4.	Жұмажан Асылжан	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
5.	Сақып Тұмарым	Реалистік тип	Физика, химия, экономика, кибернетика, спорт.
6.	Кемал Нұрислам	Іскерлік тип	Өртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат
7.	Тельман Нұртілек	Іскерлік тип	Өртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат
8.	Жұмажан Асылхан	Іскерлік тип	Өртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат
9.	Омар Ғалым	Артистік тип	Тарих, философия, өнер.
10.	Үмбетбай Нұржігіт	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.

11-класс


№	Аты - жөні	Тип	Сәйкес келетін мамандық түрі
1.	Бекжанқызы Ақмаржан	Артистік тип	Тарих, философия, өнер.

2.	Жангелді Ерасыл	Зияткерлік тип	Математика , физика, география
3.	Үмбетбай Бекжан	Зияткерлік тип	Математика , физика, география
4.	Зарлық Диас	Іскерлік тип	Өртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат
5.	Еламанқызы Сәбина	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
6.	Мирамбекқызы Гүлнұр	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
7	Амангелдіұлы Жансерік	Зияткерлік тип	Математика , физика, география
8	Жұмажан Жаңабек	Іскерлік тип	Өртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат
9	Қалабай Ахмәди	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.
10	Айдосұлы Айбат	Әлеуметтік тип	Психология, медицина, педагогика.

Аталған айда сонымен қатар, кәсіби тұлғалық типті бағалау мақсатында 9-11 класс оқушыларынан **Дж. Голландтың тесті** алынды. Нәтижесінде:

Қатысқаны: 25, қатыспағаны:1

№	Әдістеме	Конвенциялық тип	Интеллектуалдық тип	Реалистік тип	Өртістік тип	Әлеуметтік тип	Тапқыр тип
1	«Дж. Голланд» тесті	5	3	2	2	8	0



Оқушыларға таныстырылып, кеңестер, бағыт –бағдар берілді.

Ақпан айында эмоционалдық жағдайын,агрессиясын анықтау мақсатында 3-4 класс оқушыларынан «Кактус» әдістемесі алынды. Қорытындысы шығарылып, қорытында класс жетекшілеріне таныстырылды.

Сәуір айында 4- класс оқушыларының танымдық процестерін зерттеу мақсатында Э.Ф.Замбавичене әдістемесі алынды. қорытындыланып, нәтижесі таныстырылды.

Оқушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділігін қолдау жұмысы: «Менің мамандығым- менің болашағым» тақырыбында 10-11 класс оқушыларымен тренинг өткізілді, кеңестер берілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің таңдап отырған мамандықтарын, сол мамандық туралы қаншалықты білетіндерін айтып ой бөлісті. Оларға қызықты психологиялық мінездемелер айтылды. Қаңтар айында «Жарқын болашақ ...» тақырыбында студенттермен кездесу ұйымдастырылды.Шараға 10-11 класс оқушылары қатыстырылды.Наурыз айында оқушылардың көктемгі демалыстарын тиімді пайдалану мақсатында «Мамандық -өмір таңдауы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.Мамандық түрлерімен таныстырылып, кеңестер берілді, тақырыпқа сай қызықты психологиялық тренингтер өткізілді.



Дарынды , қабілетті оқушылармен жұмыс: Сыныптардағы қабілетті балаларды анықтау мақсатында пән мұғалімдерімен, класс жетекшілермен әңгімелесу жүргізілді.Қабілетті балалардың тізімі жасалып, жоспар құрылды. Әрбір пән мұғалімнің дарынды оқушыларына психологиялық мінездеме жазылып берілді.

Ата- аналармен жұмыс: Биылғы оқу жылында ата –аналармен жүргізілетін жұмыстардың жоспары құрылып, бекітілді. Ата-аналар толығымен келісім парағына қол қойды. Қыркүйек айынның екінші жексенбісінде «Отбасы күніне» орай «Сіз қандай ата-анасыз?» тақырыбында 6-7 класс білім алушыларының ата-аналарынан сауалнама алынды.Қорытындысы шығарылды.



Қазан айында отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында ата-аналарға жаднамалар таратылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.



Қараша айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мен «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары» туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, мектептің алдағы тәрбие бағдарламасының жоспарымен таныстырылды. Жиналысқа 30 ата-ана қатысты. Даналық мектебінің жетекшісі З.Қожабекова жиналысты ашып, мақсат міндеттерімен, жоспарымен таныстарды. Ата-аналар кері байланыс жасап, өздерінің ой пікірлерін, қолдауларын білдірді. Мектеп психологы ата-аналарды бірлесіп ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақыра отырып «Бақыт деген не?» тақырыбында тренинг өткізді. Қорытындыланып, «Ерекше пікір» бөлімінде ата-аналар ой-пікірлерін ортаға салып, белсенділік танытты.



Желтоқсан айында «Отбасылық құндылықтарды насихаттау және зорлық-зомбылықтың алдын алу» аясында кәмелетке толмағандардың ата-аналарына жадынамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Қаңтар айында 5-8 класс ата-аналарының жиналысы болып өтті. Жиналыс басында «Отбасындағы асыл-құндылықтар» тақырыбында тренинг ұйымдастырдым. Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша, ата-аналарға «Оқушылар арасындағы буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. **Мақсаты:** оқушылар арасындағы келеңсіздікті болдырмау, алдын алу.



Мамыр айында «Отбасы – үйлесім ортасы» тақырыбындағы психологиялық апталық аясында ата-аналарға «Жанұя» кинофильм көрсетілді.



«Отбасы – үйлесім ортасы» тақырыбындағы психологиялық апталық аясында 10-11 класс білім алушыларының ата-аналарына «Отбасындағы психологиялық ахуалдың баланың тұлға болып қалыптасуына ықпалы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ата-аналар тақырып бойынша ойларын ортаға салып, психолог тарапынан кеңестер берілді.



Педагогтармен жұмыс: Қазан айында биылғы оқу жылында жұмысқа орналасқан жас мамандардың бейімделудегі қиындықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды.



1-желтоқсан күні мектеп ұжымы арасында **«Зорлық –зомбылықсыз 16 күн#»** жобасы аясында **«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!»** тақырыбында түсірдірме жұмысы жүргізілді. Тақырыпты слайд-шоу бойынша түсіндіріп, сұрақ-жауап пікірлесу арқылы кері байланыс болды.



Педагогтың кәсіби мотивациясын және оның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында қаңтар айында мұғалімдерден сауалнама алынды.

Сауалнама нәтижесінде 5 мұғалім 33,3% педагог кәсібінің идеалы, 10 мұғалім 66,6% антиидеал болып анықталды.



1-Наурыз «Алғыс айту» күніне орай мектеп мұғалімдерімен «Алғыс айту парызым» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.



Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс: Қыркүйек айында әлеуметтік педагогпен бірлесіп тәуекел тобындағы оқушылар анықталды. Тәуекел тобында әлеуметтік жағдайына байланысты 7 оқушы және ЕББҚ 2 оқушы, барлығы 9 оқушы есепке алынды. Аталған оқушыларға жоспар құрылып,

жұмыстар жүйелі жүргізілуде, үнемі бақылауда. Қыркүйек айында «Достық мекені» тақырыбында тренинг өтті. Жоспарға сәйкес қазан айында оқушылардың бойындағы стрес,депрессия, қорқыныштарын анықтау мақсатында DASS сауалнамасы алынды, қорытынды сынып жетекшілерге таныстырылды.

қазан айында әр түрлі санаттағы кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты- тұрмыстық жағдайымен танысу мақсатында зерттеу, бақылау жұмыстары жүргізілді.



Қараша айында «Ертегілер елінде» тақырыбында ертегі терапиясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: бастауыш класс оқушыларының сөздік қорын молайту, ойын ашық жеткізуге үйрету.

Ертегі терапиясы барысында оқушылар «Бауырсақ ертегісін» сахналады, шараға өте белсенділікпен, көтеріңкі көңіл -күймен қатысты.



Қаңтар айында «Мамандықтар әлемінде... » түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ақпан айында «Өмір неткен керемет» тренингтері жүргізілді.



Наурыз айында «Алғыс айту парызым» ата-аналарға, ұстаздарға алғастарын білдірді. Мамыр айында «Құстар біздің досымыз» тақырыбында құстарға ұя жасап, қамқорлық жасады.



Келеңсіз оқиғалардың алдын алу: Келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында бірлескен (ТІЖО, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, сынып жетекші) жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Қыркүйек айында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 5-11 класс қыз, ер балалар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында “Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі” тақырыбында «Шапағат» қыздар ұйымының жиналысы өткізілді. «Сәлемдесу» тақырыбындағы тренинг және «Бір алманы танда» психологиялық қызықты тестпен басталды. Мақсаты: топты ұйымдастыра білу, эмпатиялық сезімді, жағымды көңіл күйді көтеру, белсенділікті арттыру және өмірлік күшті жинау. Тренинг жаттығудан соң қыздар өз сезімдерімен пікір алмасты.



« Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі »



Қараша айында «Айналайын, абайла!» тақырыбында егер автобуста әлде біреу қол жүгіртсе, сөзбен немесе көзбен тиісетін болса : «Ағай, маған тиіспеңіз мен кәмелетке толған жоқпын !» деп айқай сал немесе қолыңды жоғары көтеріп, «Мен зәбір көрдім» деп халықаралық белгілермен көмек сұра деп , оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп дәлізіне ақпарат парағы ілінді.



Қараша айында «Қатыгездіксіз және зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» акциясы аясында кәмелетке толмағандар арасында зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында 9-11 класс білім алушылары аралығында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Шара барысында жағдаят сұрақтар қойылып, тақырып бойынша білім алушылар өз ойларын ортаға салды .



1-желтоқсан күні мектеп ұжымы арасында **«Зорлық –зомбылықсыз 16 күн#» жобасы аясында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!»** тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Тақырыпты слайд-шоу бойынша түсіндіріп, сұрақ-жауап пікірлесу арқылы кері байланыс болды.



Желтоқсан айында 8-10 класс оқушыларының арасында қазіргі кезде қоғамда белең алып отырған буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шара барысында оқушыларға ой қозғау, осыған дейін тақырып туралы қаншалықты білетіндерін байқау мақсатында оқушылар арасында топтық жұмыс ұйымдастырылды, топтасып, буллинг, «кибербуллинг дегеніміз не?», «оған қалай тосқауыл қоюға болады?» деген тақырыптар туралы ойларын ортаға салды. Шараның келесі кезеңінде тақып туралы ролик көрсетіліп, кеңірек тоқталып, сенім телефон, сенім жәшігі туралы түсіндірілді. «Еркін ой» кезеңімен аяқталып, қорытындыланды.



Оқушылармен қызметкерлердің құқықтарын қорғау, қылмыстық, құқықбұзушылық және сыйбайлас жемқорлықпен зорлық –зомбылық фактілерімен күресу, болдырмау, алдын алу мақсатында «Сенім жәшігі», «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, әр аптаның жұма күні арнайы комиссия қарап акт жасалады.



Қаңтар айында 8-11 класс қыз балалар арасында «Білім болашақ бастауы» тақырыбында Пікірталас ұйымдастырылды. Шараның ұйымдастыру бөлімінде «Сөз басы -сәлем» қыздар бір – бірлеріне жұмсақ ойыншықты бере отырып тілектерін айтты. Әрі қарай тақырыпқа сай ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

Мақсаты: қыз балаларды білімді, ақылды, парасатты болуға тәрбиелеу



Сәуір айында жыныстық тәрбие бойынша ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыз балалар арасында « Өмірлік мотивация» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.



Мамыр айында білім алушыларға «Зорлық -зомбылықсыз балалық» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жасалды.



Алдағы 2024-2025 оқу жылына мақсат:

Мектеп оқушыларының әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін зерттеу

Жеке тұлғаның білім деңгейі мен тәрбиелігін, мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға деген қарым-қатынасын, танымдық белсенділігін дамыту

Психологиялық жұмыстың жаттығулар жиынтығын шығару

Ұсыныс:

Психолог бұрышын ұйымдастыру мектеп дәлізіне

Қиын, дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру

Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында оқушылармен жұмыстарды жүйелі жүргізу

Мектепалды даярлық және 1-класс оқушыларымен көбірек жұмыстар жүргізу.

Жоспар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп, уақытылы электронний журналға салып, тіркеп отыру.

Дайындаған, педагог-психолог:

Мимықова Г.Н